

Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихына қосқан үлесі

Кенжебек Д.Қ.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м. М.К. Елюбаева

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

Қазақ қазақ болғалы, елі өркендеп, жері көркейіп дамыған мемлекет болғалы қиындықты да, қызықты да еңсеріп, дес бермей келеді. Бұл ұланғайыр даланың өзіне тән, өзіндік ерекше тарихы да жоқ емес. Ежелгі дәуір тарихы мен қазіргі күнге дейінгі тарихы жазылған қазақ халқының мәселелері де жетіп артылады. Ерте дәуірден бастамай кеңес үкіметі дәуірінен қарастырсақ та үлкенді-кішілі тарихи оқиғаларға куә боламыз. Ерте заманды алмай тұрып кешегі кеңес дәуірі кезіндегі қазақ тарихы туралы қандай зеріттеулер, қандай тарихшылар, қандай тарихи еңбектер жазылғандығы туралы деректер әлі күнге дейін толық анықталмай келеді. Қазіргі заман тарихының шешуін таба алмай тұрған өзекті мәселелерінің бірі осы болып табылады. Осындай тарихи оқиғалар, шығармалар жазған тарихшылардың Қазақстан тарихына, қазіргі заман тарихына тигізетін әсерін ойласақ, қазіргі біздің оқып жатқан тарихи шығармалардан асып өтпесе кем түспейтін дерек көздері болушы еді. Бұл қазақ тарихы жазылмады деген сөз емес.

Дегенмен де қазақ тарихын білсін деп еңбек жазып қалдырған тарихшылар да жоқ емес. Солардың бірі Қазақстаннан шыққан тұңғыш тарихшылардың бірі және бірегейі, Бекмаханов Ермұхан Бекмаханұлының қазақ тарихының жазылуына, оның келешек ұрпаққа жетуіне орасан зор үлес қосқан тарихшы ретінде қарастырсақ өкінбейміз. Қазақстанда “Қазақстан тарихы” кафедрасының ашылуына өзіндік үлесін қосқан, тарих ғылымдарының докторы атағын алған алғашқы қазақ, профессор Е. Бекмаханов 1915 жылдың 15- ақпан күні Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Төре ауылында дүниеге келген. Тектілігі тегінен берілген Е. Бекмаханов Абылай ханның жетінші ұрпағы. Төре тұқымы болғандықтан аз қиындық көрген жоқ. Дүниеге келгеннен, өмірінің соңына дейінгі аралықта қуанышынан қайғысы көп болған тарихшы өмірдің қатал қырына, ауыр соққысына қайыспай төтеп бере алды. Алты жасына толмай әкесі Бекмахан өкпесін суықтатып көз жұмады. Анасы үш баласымен жесір қалып көп қиындық көреді. Ермұхан жеті сыныптық мектепке барып білім алады. Жоғары оқу орнына түсуге дайындалып жүргенде, жақсы қызмет атқарып, отбасының жағдайын жасап отырған Дінше деген ағасы қайтыс болады. Анасы Ермұханның оқуға түсуіне қарсы болғанына қарамастан оқуға түсуге жолға шығады. 30- жылдардағы аштық Баянауылға да жеткенін естиді. Сол жылдары анасы мен жалғыз қарындасы қайтыс болады. Олардың бейіті түгілі, көміліп немесе көмілмей қалғанын тіптен білмей қалған[1].

1933 жылға дейін Семейде Жұмыс факультетіне оқуға түсіп, аяқтаған. Осыдан кейін Алматыға Қазақ педагогикалық институтына физика-математика факультетіне түсуге келеді. Алматыға оқуға түсерде оның төре тұқымынан шыққанын білсе қудалауға кетерін түсінсе де комиссариатқа құжаттарын тапсыруға барады. Бірақта құжат қабылдаушылар оның кешіккенін айтып жаңадан ашылған Томбов қаласындағы педагогикалық институтқа түсе алатынын айтып бүгін шешім қабылдасамса кешігетінін ескертеді. Сол жерге барып үш ұйықтаса да түсіне кірмеген “тарих” факультетіне оқуға түседі. Бұл жердегі оқуы ұнамай, факультет жабылғаннан кейін Воронежтегі педагогика институтына ауысады. Осында ауысып келген кезде ағайынды Досмұхамедовтармен танысады. Тарих пәніне қызығушылығын, Кенесары Қасымұлы және оның көтерілісін жазу туралы алғаш идея тастаған Халел Досмұхамедұлы болатын. Воронежтегі оқуы аяқталған соң, еңбек жолы басталады.

Ғылыми зерттеу институтында сонымен қатар халық ағарту комиссариатының басшысы болып қызмет атқарады. Алматы институттарында мұғалімдік жұмысын атқарған болатын. 1946 жылдары тарих, археология, этнография институты директорының ғылыми жұмысы бойынша орынбасары болып жұмыс жасайды. Одан кейін өмірінің соңына дейін қазақ мемлекеттік институтында Қазақстандағы алғаш ашылған, яғни өзі ашқан “Қазақстан тарихы” факультетінің башысы болды[2]. Ермұхан Бекмахановтың тарихи еңбектері,

шығармалары Қазақстан тарихындағы тарихи деректерді кеңінен, ауқымды зерттеп, соның шешімін бабымен өзіндік шеше білуімен өзгешеленеді. Осы еңбектерінің ішіндегі ең ерекшесі, бүкіл өміріне әсер қалдырғаны 1947 жылы Алматыда басылып шыққан «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты еңбегі болатын. Осы кітабы бойынша 1946 жылы докторлық диссертациясын қорғап шыққан болатын. Докторлық дәреже беруге келген он төрт адамның тек біреуі қарсы болып он үші қолдап доктор дәрежесі берілген еді[1;178-184]. Осы дәуірлерде ұлтшылдық дегенді түп тамырымен жою үдерісі жүріп жатқан кезең болатын. Асыра сілтеулер көп, кеңес үкіметіне қарсы шығып, көтеріліс бастаушыны қолдадың деген жаланы басқа емес қазақ тарихшылары жаба бастады. Сол жала жабушылардың ішінде Шойынбаев Тілеуқажы Жамайұлы, Айдарова Хадиша Галимқызы, А.Ф. Якунин болды. Осындай жалалар күн өткен сайын көбейіп Ермұхан Бекмахановтың басына қара бұлт төнгенін білдіре бастады. Осылайша Е. Бекмаханов 1951 жылдан бастап барлық қызметінен босатылып жұмыссыз қалды. Содан кейін Жамбыл облысындағы бір ауылда мектепке жұмысқа кіріп тарих пәнінен сабақ берді. Дәл осы жерде 1952 жылдың бесінші қыркүйегінде тұтқындалады. Осы жылдың екінші желтоқсанында Е. Бекмаханов жиырма бес жыл бостандығынан айырылып ГУЛАГ-тың шет жақтағы лагерлердің біріне қудаланды. 1942-1952 жж ұлтшылдықты насихаттады, кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізді деп РФСР қылмыстық кодексінің 58- бабы 10-бөлімінің екінші бөлігіне сәйкес айып тағылды[3]. Өзі айдауда жүрсе де тарихи еңбегін жазуды доғармады. Сталиннің кезінде шынайы қазақ тарихын жаза білген тарихшы ретінде қазақ тарихында орны қала білді. Сталин қайтыс болғаннан кейін елде түрлі өзгерістер болды. Осы өзгерістердің арқасында Е. Бекмахановты ақтап алу жұмыстары да жүргізіліп Анна Панкратовнаның орасан зор көмегінің, қолдауының нәтижесінде ақталып шықты. Ақталып шыққан соң бұрынғы қызметіне бірден еніп, сіңісіп кете алмаса да өз дәрежелерін ақырындап қалпына келтірді. Е. Бекмаханов айдаудан қайтқаннан кейін 1958 жылы 21 мамырда КСРО ЖОО министрінің бұйрығымен осы жылдың бірінші қыркүйегінде, дүрбелең кезде жабылған тарих кафедрасы қайта ашылды. Бұл да бір Ермұхан Бекмахановтың өмірімен байланысты екенін көрсеткен болатын[4]. Сол уақыттан өмірінің соңына дейін қазақ тарихының жазылуына сіңірген еңбегі қанша мақтасақта аз емес. Кеңес үкіметі дәуірінде жетінші сыныптарға арналған кітапшасының сырты жұқа болғанымен ішіндегі тарихи деректері қалың еді. Сол біліммен қазақ жастары сусындап өсті, өз елінің, жерінің тарихын білмей қараңғы болып қалған жоқ. Бұл оның еңбектерінің бір бөлігі ғана.

Жалпы қорытындылай келсек, осындай тарихи еңбектер жазып қудаланған Е. Бекмахановтың жалғыз өзін ғана айтып отырмыз. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1999 жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары жүргізілген болатын. Соның нәтижесінде 19144 адам ақталды[5]. Ақталмағаны қанша десеңізші. Жалпы кез-келген тарихи тұлғаны алып қарасақ, ол кісіні көре алмаушылық, қызғанушылық әсерінен қазақты өзге ұлт емес, қазақ бауыры, қандасы ту сыртынан пышақ ұрғанын байқаймыз. Тікелей мағынасында емес әрине, жазған еңбектерін бұрмалады деп, көтеріліс бастауға үгіттеді деп жала жабуын айтуға болады. Е. Бекмахановта да осындай жағдай болғанын жоғарыда айтып кеттік. Қандай ғалымды алсақ та, оның ішінде тарихшы ғалымдарды қарасақ- олардың міндеті ұлттық тарихтың тұнықтығын сақтап, өскелең ұрпақтың әділ бағалауына мүмкіндік жасау. Осы тарихты оқушылар, ізденушілер, зерттеушілер үшін ең басты міндет-ақиқатқа адал, шындыққа ұстамды болу керек. Тарихтағы Ермұхан Бекмахановтың ғылыми мұралары келесі ұрпаққа осы қабілет, қасиеттерді үйретеді[6]. Осы ғылыми құндылықтарды қадірлей біліп, өткен тарихымызға үніліп болашаққа нық қадам басу өзіміздің қолымызда. Айтылмаған дерек, ашылмаған құпия, белгісіз қалған тұлғалар қазақ тарихында қалмауы керек және бұл біздің қазіргі заман тарихының өзекті мәселесі болып қала бермек.

Пайдаланған әдебиеттер:

- [1] Сәрсекке М. Ермұхан Бекмағанов. Ғұмырнама. -Астана: Фолиант, 2010.-588 б.
- [2] Лұқпан Е. Азамат жолы//Орталық Қазақстан. -2005. -9 сәуір. -5 б.

[3] Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық архиві. 23-қ., 1-т., 447-іс, 1-2 б.

[4] Тәкенов Ә. Тарихшы Е. Бекмаханов тарихнамалық шолу. “XIX ғасырдың 20-40 жж Қазақстан оқу құралы. -Алматы: Санат, 1994. -371-381 б.

[5] Сарманбетов Р. Саяси қуғын- сүргін құрбандарын еске алу туралы шаралар//Егемен Қазақстан. -1997. -23 сәуір.

[6] Сәрсембин Ү. Қазақ ғалымының бейнесі//Ақиқат. -2014. -№10. -106 б.

Мәңгілік ел идеясы – бабалар аманаты, ұрпаққа мұра

Кентбеков А.С.

Ғылыми жетекшісі: т.м., аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Елдің тағдыры, халықтың бірлігі, кім-кімді болмасын бей-жай қалдырмасы белгілі және ол хақ екендігі аян. Әр шақтың, уақыттың, кезеңнің өзіндік даму үрдісі болса, түпкі мүдделер, алға қойған мақсаттар ол туған елінің егемендігі, халқының тәуелсіздігі, ал оны көздің қарашығындай сақтап қорғау баршамыздың біріншіден парызымыз болса, екіншіден патриоттық борышымыз деп білеміз. Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ елі мемлекеттік идеология негіздерін нығайтатын ұлттық идеяларды тынбай іздестіруде. Соңғы жылдары саясаткерлердің назары сондықтан да «Мәңгілік Ел» ұғымының мән-мағынасына ауа бастады. Алғаш бұл идея еліміздің астанасында монумент ескерткіш түрінде бой көтерді. Аэропорттан түсіп Астанаға қарай келе жатқан кез келген жолаушы қалаға кіре берісте салтанатты «Мәңгілік Ел» арқасына тап болады. Мұның өзі – кез келген азаматқа ой саларлықтай, отансүйгіш жастарды сүйсінте толғандырып, тарих қойнауына жетелейтіндей терең тамырлы ғажайып ескерткіш. Оның себебі «Мәңгілік ел» деген атау – тарихымызбен бірге жасап, өткеніміздің түпсіз тұңғышынан, мөлдір қайнар бұлағынан бастау алатын қасиетті сөз. [1, 393 б.].

Мәңгілік Ел идеясы жазиралы, дархан даламызды мекен еткен, бабаларымыздан ұрпақтарына жеткен асқақ арманы және аманаты. Ұлы даланың бабаларынан қалған осы аманат еліміздің тәуелсіздігінің нәтижесінде іске асты. Демек, бұл идея – Қазақстанның антологиялық болмысын анықтайтын ұлттық идеяның темірқазығы, қоғам дамуына бағыт-бағдар беретін, сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың арманын жүзеге асырудағы рухани-саяси ұстаным болып саналады.

Белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің еңбектерінің келесі тұжырымдарын сараласақ: «Ұлттық-мемлекеттік идеологияның қоғамның барлық мүшелерін, әсіресе әртүрлі әлеуметтік-этникалық және саяси топтарды біріктіруде, билік пен халықты бір-біріне жақындастыруда маңызы айрықша болды. Ұлы тарихымыз көрсеткендей, қандай идеологиялық жүйе болмасын ол біртұтас болған жағдайда ғана қоғам өз тұтастығын сақтайды». [2, 274 б.].

Халқымызды биік мақсаттар мен ізгілікті шараларға, ұлы мұраттарға жетелеген ұлттық идея Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17-қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалды. Елбасы өзінің дәстүрлі Жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман-тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық» [3,3 б.], – деп баса назар аударды.

Мәңгілік Ел жалпыұлттық идея тәуелсіз Қазақстанның ұлы бағдарының негізінде «Қазақстан – 2050» стратегиясының түпқазығы болды. Тұңғыш Президенттің тікелей тапсырмасына сәйкес Президент Әкімшілігі, Үкімет, Қазақстан халқы Ассамблеясы